

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән
География
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. АҚШ мемлекетінің «автомобиль астанасы» аталатын қаласы
А) Нью-Йорк
В) Бостон
С) Детройт
D) Чикаго
E) Лос-Анжелес

2. Дүние жүзі бойынша автомобиль шығарудан бірінші орын иеленетін мемлекет
А) АҚШ
В) Франция
С) Германия
D) Италия
E) Жапония

3. Дүние жүзіндегі дәнді дақылдық өнімдер жинау бойынша бірінші орын иеленетін мемлекет
А) Ресей
В) Қазақстан
С) Канада
D) Қытай
E) Бразилия

4. Әлем бойынша мұнай мен газ қоры бойынша алдыңғы қатардағы аймақ
А) Солтүстік Америка
В) Орталық Америка
С) Оңтүстік Шығыс Азия
D) Оңтүстік Батыс Азия
E) Оңтүстік Африка

5. Басқа елдерге жұмыс істеу мақсатында уақытша қоныс аудару түрі
А) саяси депортация
В) маусымдық миграция
С) сыртқы миграция
D) ішкі миграция
E) эмиграция

6. Францияның Мұхиттық аралдар аймағындағы аралы

- A) Жаңа Каледония
- B) Жаңа Зеландия
- C) Жаңа Гвинея
- D) Жаңа Гебридтер
- E) Жаңа Гавай

7. Автомобиль жасау өндірісі бойынша дүние жүзінде үшінші орын иеленетін мемлекет

- A) Жапония
- B) АҚШ
- C) Германия
- D) Италия
- E) Франция

8. 2002 жылдың 1 қаңтарында қолданысқа енгізілген валюта

- A) теңге
- B) еуро
- C) доллар
- D) юань
- E) иена

9. Латын Американың «Үлкен үштік» елдері

- A) Бразилия, Чили, Колумбия
- B) Бразилия, Аргентина, Мексика
- C) Бразилия, Венесуэла, Куба
- D) Бразилия, Перу, Эквадор
- E) Бразилия, Панама, Ямайка

10. Латын Америкасының 81% -ның тілдік құрамын құрайтын тобы

- A) үнді-европалық тіл жанұясының герман тобы
- B) үнді-европалық тіл жанұясының роман тобы
- C) үнді-европалық тіл жанұясының балтық тобы
- D) үнді-европалық тіл жанұясының кельт тобы
- E) үнді-европалық тіл жанұясының славян тобы

11. Латын Америкасының «мыс белдеуі» орналасқан елі

- A) Эквадор
- B) Ямайка
- C) Куба
- D) Гайана
- E) Чили

12. Латын Америка халықтарының тілдік құрамы

- A) испан, португал, француз
- B) ағылшын, француз, неміс
- C) испан, ағылшын, ирланд
- D) итальян, румын, болгар
- E) ағылшын, норвег, швед

13. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық (ЕҚЫҰ) ұйымына мүше елдер саны

- A) 56
- B) 57
- C) 58
- D) 59
- E) 60

14. 2010 жылы құрылған Кедендік Одаққа мүше елдер

- A) Ресей, Қазақстан, Өзбекстан
- B) Ресей, Қазақстан, Қырғызстан
- C) Ресей, Қазақстан, Украина
- D) Ресей, Қазақстан, Тәжікстан
- E) Ресей, Қазақстан, Беларусь

15. Шығыс Еуропаның мұнай химия саласы дамыған елі

- A) Венгрия
- B) Болгария
- C) Румыния
- D) Албания
- E) Словения

16. Әлемдегі ормансыз мемлекеттер

- A) АҚШ, Бразилия, Мексика, Боливия, Чили
- B) Бахрейн, Катар, Ливия, Чад, Мысыр, БАӘ
- C) Үндістан, Қытай, Норвегия, Франция, Сирия
- D) Ресей, Финляндия, Польша, Чехия, Сербия
- E) Италия, Испания, Малайзия, Тәжікстан, ОАР

17. Табиғи каучук өндіруші елдер

- A) Тайланд, Индонезия, Малайзия
- B) Тайланд, Үндістан, Филиппин
- C) Тайланд, Малайзия, Шри-Ланка
- D) Тайланд, Мьянма, Вьетнам
- E) Тайланд, Сингапур, Тайвань

18. Машина жасаудың ғылымды көп қажет ететін түрлерін шығарудан жетекші елдер

- A) Жапония, АҚШ, Қытай, Батыс Еуропа елдері
- B) Франция, Ресей, Бразилия, Шығыс Азия елдері
- C) Германия, Түркия, Мексика, Шығыс Еуропа елдері
- D) Италия, Испания, Канада, Орталық Еуропа елдері
- E) Аустралия, Чили, Аргентина, Оңтүстік Еуропа елдері

19. Әлем бойынша кеме жасаудан жетекші орындағы елдер

- A) Бразилия, Мексика, ОАР, Франция, Италия
- B) Ирландия, Үндістан, Дания, Ресей, Германия
- C) Боливия, Исландия, Норвегия, Финляндия
- D) Жапония, Корея Республикасы, Германия, Қытай
- E) Ресей, Испания, Аустралия, Аргентина, БАӘ

20. Әлемдік балық аулау шаруашылығының тең жартысы тиесілі елдер

- A) Ресей, Боливия, Моңғолия, Парагвай
- B) Үндістан, Швеция, Аустрия, Польша
- C) Жапония, Қытай, АҚШ, Чили, Перу
- D) Германия, Чехия, Непал, Латвия
- E) Литва, Ирландия, Исландия, Дания

1-БЛОК: Жалпы кәсіптік пән бойынша тест аяқталды.

2-БЛОК: Арнайы пән
Биология
Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Жасуша теориясының негізін салған
 - A) Т.Шванн, М.Шлейден
 - B) К.М.Бэр, Ж.Б.Ламарк
 - C) С.С.Четвериков, А.Н.Северцов
 - D) Дж.Уотсон, Ф.Крик
 - E) Ф.Мюллер, Э.Геккель

2. Адам жасушасындағы ДНҚ-ның жалпы ұзындығы
 - A) 1 м
 - B) 3 м
 - C) 1,5 м
 - D) 2 м
 - E) 2,5

3. Экологиялық табиғи апаттар
 - A) жер сілкіну, қатты дауылдар
 - B) климаттың ғаламдық жылынуы
 - C) организмдер түрлерінің жойылуы
 - D) қар көшкіні, мұхиттардың ластануы
 - E) сел жүру, топырақтың эрозияға ұшырауы

4. Ғаламдық экологиялық мәселеге жатады
 - A) Озон қабатының бұзылуы
 - B) Арал теңізінің тартылуы
 - C) Қалалардың табиғи ортаға әсері
 - D) Қала экологиясы
 - E) Қазақстан полигондары

5. Атмосфералық ауаның ластануының негізгі көзі
 - A) Топырақ құрамының өзгеруі
 - B) Көліктерден шыққан ластағыштар
 - C) Минералды тыңайтқыштар
 - D) Шөлейттену
 - E) Топырақтың тұздануы

6. Гидросфера қабаттары болып табылады

- A) сутегі атомдары, озон қабаты
- B) жер асты сулары, әлемдік мұхиттар
- C) шөгінді жыныстар, теңіз сулары
- D) магмалық жыныстар
- E) құрлық көлемі, су көлемі

7. В.И.Вернадский бойынша биосфера құрылымы төмендегі заттардан тұрады

- A) органикалық және бейорганикалық
- B) тірі және өлі
- C) химиялық және физикалық
- D) биологиялық және геологиялық
- E) биогенді және аэрозольдар

8. Атмосфера қабаттары

- A) гидросфера, биосфера, стратосфера
- B) тропосфера, биосфера, стратосфера
- C) биосфера, стратосфера, литосфера
- D) стратосфера, ионосфера, озон қабаты
- E) литосфера, гидросфера, биосфера

9. Ауылшаруашылық өнімдерін алу үшін адамның іс-әрекеттері арқылы реттелетін организмдер тобы

- A) экожүйе
- B) агроценоз
- C) экотоп
- D) биогеоценоз
- E) биоценоз

10. Топырақта тіршілік ететін организмдердің экологиялық тобы

- A) педобионттар
- B) гидробионттар
- C) суккуленттер
- D) террабионттар
- E) симбионттар

11. Суда тіршілік етуге бейімделген организмдер тобы

- A) аэробиионттар
- B) террабионттар
- C) гидробионттар
- D) педобионттар
- E) симбионттар

12. Экология дегеніміз бұл:

- A) тірі организмдердің қоршаған ортамен қарым-қатынасы
- B) жасушалар мен ұлпалар байланысы
- C) ішкі мүшелердің байланысы
- D) жануарлардың мінез-құлқы
- E) автотрофты ағзалардың қарым қатынасы

13. Қаңқа қалдығы Ява аралынан табылған ежелгі адамдар тобы

- A) неандерталь адамдары
- B) дриопитектер
- C) аустралопитектер
- D) телаконтроптар
- E) питекантроп

14. Адам эволюциясына тән негізі әлеуметтік қозғаушы күші

- A) тіршілік үшін күрес
- B) еңбек
- C) өзгергіштік
- D) табиғи сұрыптау
- E) қоғамдасу

15. Митоздың телофаза кезеңінде өтетін процестер

- A) хромосомалар жасуша экваторына бағытталады
- B) ядро қабықшасы мен ядрошық түзіледі
- C) хромосомалар полюстерге ажырап, бөліну ұршығы бұзылады
- D) хромосомалар төрт жасушаға тең бөлінеді
- E) хромосомалар цитоплазмада ретсіз орналасады

16. Адамның іс-әрекеті арқылы табиғатқа тікелей әсер ететін факторлар

- A) биогендік
- B) антропогендік
- C) абиотикалық
- D) физикалық
- E) мутагендік

17. Мейоздың I профазасына тән емес

- A) Биваленттер құралады
- B) Гомологты хромосомалар жақындайды
- C) Конъюгация процесі басталады
- D) Кроссинговер процесі жүреді
- E) Бір клеткадан гаплоидты 4 клетка пайда болады

18. Мейоздың бірінші бөлінуінің зигота сатысында

- A) Хромосомалардың алмасуы жүреді
- B) Транскрипция процесі басталады
- C) Ядрошық биваленттен бөлініп, жойылады
- D) Гомологты хромосомалар конъюгациясы жүреді
- E) Ядролық мембраналар бұзылады

19. Селбесіп тіршілік ететін организмдер

- A) симбионттар
- B) жыртқыштар
- C) гидробионттар
- D) педобионттар
- E) паразиттер

20. Белгілі бір аумақта тіршілік ететін барлық тірі организмдер мен орта жағдайларының жиынтығы

- A) экожүйе
- B) биогеоценоз
- C) экологиялық топ
- D) агроценоз
- E) биотоп

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

21. Жасуша органоидтары

- A) өң
- B) түзуші ұлпа
- C) рибосома
- D) тоз
- E) митохондрия
- F) қыртыс
- G) вакуоль

22. Белгілердің тұқымқуалау заңдылықтарын, олардың өзгергіштігін зерттейді

- A) ботаника
- B) селекция
- C) анатомия
- D) физиология
- E) генетика
- F) цитология

23. Вирустар туғызатын аурулар

- A) тұмау
- B) оба
- C) туберкулез
- D) топалаң
- E) сіреспе
- F) баспа
- G) ИТІС

24. Жыныс жасушаларының дамуы

- A) ұрықтану
- B) зигота
- C) гаметогенез
- D) сперматогенез
- E) овогенез
- F) эквационды
- G) редукциялық
- H) партеногенез

25. Редуценттерге жатады

- A) Омыртқалы жануарлар
- B) Барлық жануарлар
- C) Бактериялар
- D) Жасыл өсімдіктер
- E) Өсімдіктер
- F) Саңырауқұлақтар

26. Антропогенез ілімі адамның тікелей тарихи дамуын үлкен үш кезеңге бөледі

- A) ежелгі адамдар (архантроптар)
- B) Кең танаулы маймылдар
- C) Адам тәрізді маймылдар (антропоидтер)
- D) ертедегі адамдар (палеонтроптар)
- E) қазіргі адамдар (неантроптар)
- F) бүгінгі адамдарға ұқсас түрі (синантроптар)

27. Трилобиттер пайда болған кезең

- A) архей
- B) силур
- C) кембрий
- D) төрттік
- E) үштік
- F) палеоген
- G) юра
- H) бор

28. Палеозой заманында тіршілік еткен жануарлар

- A) саусаққанатты балық
- B) бактериялар
- C) стегоцефал
- D) гаттерия
- E) архиоптерикс

29. Биологиялық регресске мысал болады

- A) паразиттерде сезім асқорыту мүшелерінің жойылуы
- B) өсімдіктерде көбеюдің спорадан тұқымға көшуі
- C) өсімдіктердің құрылысының күрделенуі
- D) скат, камбала балықтарының су түбіне бейімделуі
- E) омыртқалы жануарларды құрылым деңгейінің күрделенуі
- F) түр дараларының санының азаюы

30. Табиғи сұрыпталудың түрлері

- A) систематикалық
- B) дизруптивті
- C) цитологиялық
- D) қозғаушы
- E) генетикалық
- F) биогенеценоздық

Жағдаяттық тапсырмалар
1-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Ерлі-зайыптылардың (әйелі – 45 жаста, ері – 50 жаста) ай-күні жетілген ер бала дүниеге келді. Баланың беті жалпақ, қолдары қысқа, үнемі аузы ашық, алақан қыртыстары төмен орналасқан. Дәрігерлік зерттеу нәтижесі балада Даун синдромын көрсетті.

31. Баланың кариотипіндегі хромосомалар жалпы саны

- A) 45 (45 XO)
- B) 47 (47 XXУ)
- C) 47 (47 ХУ)
- D) 48 (48 ХХУУ)
- E) 47 (47 ХХ)

32. Даун синдромының пайда болу себебі

- A) гендердің үстеме қосылуы
- B) хромосомалардың ажырамауы
- C) ДНҚ молекласының екі еселенуі
- D) нуклеотидтердің алмасуы
- E) хромосомалардың құрылымының өзгеруі

33. Даун синдромы _____ ауруларға жатады.

- A) цитогенетикалық
- B) хромосомалық
- C) гендік
- D) мультифакторлық
- E) тұқым қуалауға бейім

34. Даун синдромында


- A) жыныс хромосомалары болмайды
- B) X хромосомалары үшеу
- C) 21-жүп хромосомалары үшеу
- D) X және У хромосомалары болмайды
- E) 18-жүп хромосомалары үшеу

35. Осы диагнозды қою үшін қандай әдіс қолданылды

- A) биохимиялық
- B) цитогенетикалық
- C) дактилоскопиялық
- D) гендік
- E) генеалогиялық

2-жағдаят
Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

В.О.Ковалевский жылқылардың даму тарихын және қазіргі жылқылардың шығу тегін зерттегенде берілген атаулар кайназой заманының үштік кезеңінің дәуірлер атауына және жылқы аяқтарындағы башпай санының біртіндеп өзгеру ретіне қарай атаған.



36. Организмдердің қаңқа және таңба қалдықтарын зерттейтін ғылым

- A) орнитология
- B) палеонтология
- C) палеогенетика
- D) антропология
- E) филогения

37. Филогенетикалық қатарлар _____ дәлелдемелерге жатады.

- A) салыстырмалы-анатомиялық
- B) эмбриологиялық
- C) молекулалық
- D) палеонтологиялық
- E) генетикалық

38. Миоценде тіршілік еткен, ортаңғы башпайы өте жақсы жетілген, 2- және 4-башпайлары қысқа жылқы түрі

- A) миогиппус
- B) мерикгиппус
- C) осы заманғы жылқы
- D) эогиппус
- E) фенокодус

39. Палеоценде тіршілік еткен, 5 башпайлы, үлкендігі түлкідей жылқы түрі

- A) эогиппус
- B) мерикгиппус
- C) фенакодус
- D) осы заманғы жылқы
- E) мезогиппус

40. Суреттегі жылқының қазба қалдықтарының түрлерінің бірізділік қатары

- A) анатомиялық
- B) филогенетикалық
- C) онтогенетикалық
- D) гомологиялық
- E) аналогиялық

2-БЛОК: Арнайы пән бойынша тест аяқталды.